**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**

# БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ
# КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
# «№ 140  БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»
# ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДАН ӨТУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Алматы қаласы 2025 жыл**

Алматы қаласы
Білім басқармасының
«№140 бөбекжай-балабақшасы»
Коммуналдық Мемлекеттік
Қазыналық Кәсіпорыны

Коммунальное Государственное
Казенное Предприятие
«Ясли-сад №140»
Управления образования
города Алматы

**БҰЙРЫҚ №44/1**

«05» қаңтар 2025 жыл

Алматы қаласы

**«Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өзіндік бағалауды өткізу туралы»**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша "Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауының ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдары" негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. КМҚК «№140 бөбекжай-балабақшасы» өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін төменде көрсетілген аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін.
2. Аттестаттау комиссиясының төрайымы: басшы Ш.А.Мухаметрахимова
   Аттестаттау комиссиясының орынбасары: әдіскер Д.К.Сатпаева
   Комиссия мүшелері:
   -Дарибаева Гульнар Нурдиновна, педагог-психолог
   -Куанбаева Самал Бейбитовна, дене шынықтыру нұсқаушысы
   -Абдильдаева Раушан Камбаровна, тәрбиеші
3. Балабақшаның өзіндік бағалау бойынша құжаттар әзірленсін
4. Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі әдіскер Д.К.Сатпаева жүктелсін;
5. Осы бұйрықты орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негіз: Алматы қаласы Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы мемлекеттік аттестаттаудан өтетін білім беру ұйымдарының бекітілген кестесі.

Басшы: ______ Ш.А.Мухаметрахимова

Бұйрықпен таныстым: ______ Д.К.Сатпаева
______ Г.Н.Дарибаева
______ С.Б.Куанбаева
______ Р.К.Абдильдаева

**Мазмұны:**


1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2. Кадрлар әлеуетін талдау
3. Тәрбиеленушілер контингенті
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу-материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қоры
7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
8. Білім беру процесіне қатысушыларға сауалнама жүргізу
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
10. Шешімдер мен ұсыныстар

*Қосымша 1*
*Қосымша 2*
*Қосымша 3*
*Қосымша 4*
*Қосымша 5*

**Алматы қаласы Бостандық ауданы**

**Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын**

**«№140 бөбекжай-балабақшасының» өзіндік бағалау нәтижесінің қорытындысы**

## 1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

№140 бөбекжай-балабақшада өзіндік бағалау 2025 жылы қаңтар айының 5-нен - 31 аралығында өтті. Алматы қаласы, Бостандық ауданы Коммуналдық Мемлекеттік Қазыналық Кәсіпорны «№140 бөбекжай-балабақшасы» 2015 жылдан бастап жұмыс істейді.

Ғимарат түрі- 2 қабатты.
Жоба қуаттылығы - 145 орындық.
Жер көлемі – 0,4263 гектар
Құрылыс салынған алаң -1057,6 $м^2$
Ғимарат көлемі- 2594,2
Қолдануға берілген жылы 2015 жыл
Оқыту тілі – Мемлекеттік тіл.
Топтар саны: -6.
2 жастағы балалар – ( кіші топ) -1топ
3 жастағы балалар - ( ортаңғы топ ) – 1 топ
4 жастағы балалар - ( ересек топ) - 2 топ
5 жастағы балалар - (мектепалды топ) – 2 топ
Білім мекемесінің аттестациядан өтетін жылы-2025 жыл. Қазіргі таңда балабақшада 6 топ жұмыс істейді. Балабақша бойынша – 149 бала тәрбиеленуде. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған. Балабақшаның жұмыс уақыты: сағат 8:00-ден 18:30-ға дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Балалар үшін музыка залы, дене шынықтыру залы, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, психология кабинеті, сенсорлық бөлме, логопед кабинеті, тұзды шахта, топтар мен дәліздерде мобильді кітапхана, «Біртұтас тәрбие», «Ұлттық бұрыш» орталықтары, заман талабына сай жабдықталған топтар бар. Сондай-ақ асхана, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді.
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-

эпидемиологиялық талаптар" бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес, балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған серуен алаңдары бар. Педагогикалық ұжым Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздың №348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) сәйкес ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- Жаңартылған бағдарлама бойынша құрастырылған перспективалық жоспар;
- Апталық циклограмма;
- Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай- ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Балабақшада халық педагогикасы элементтерін ұлттық тәрбие мен жүйелі түрде кеңінен пайдаланады. Халқымыздың ауыз әдебиетін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін өндіре отырып, имандылық, әдептілік, елді, жерді сүю, ата-ананы сыйлау т.б халқымызға тән адамгершілікке тәрбиелеу барысында жұмыс жүргізіледі. Балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын жан-жақты дамыту үшін психологиялық тренингтер, жобалау, әңгімелесу әдістері қолданылады. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» қарқынды түрде жұмыс жасауда. Оқу тәрбие жұмыстарында алгоритм кестесі, жеке және дербес жұмыстар, интерактивті оқыту шараларын пайдаланып отырамыз. Балалар үшін оқулықтар, дидактикалық құралдар жеткілікті. Дамытушы ойындар, дидактикалық, мазмұнды- рөлдік ойындары, қимылды, ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамытамыз. Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық микроклимат құру үшін гүлді алаңқайлар, бұталар, отырғызылған. Балаларға экологиялық тәрбие беру, еңбекке баулу мақсатында көктем–күз аралығында топтарда гүлдер отырғызылып, күтіп-баптау жұмыстары жолға қойылған. Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Балабақшада тазалық- гигиеналық тәртіп сақтау жолы өте жақсы жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталады. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру- шынықтыру жұмыстары жоспарлы жүргізілуде. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында профилактикалық жұмыстары (оксалин майын мұрынға жағу, нәрлеу мен жеміс-жидек шырындарын беру) үнемі жүргізіліп тұрады. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып беріледі. Балабақша медбикесі сауықтыру-шынықтыру

жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Тоқсан сайын антропометриялық өлшемдер жүргізіліп, балалардың физиологиялық көрсеткіштері бақыланады. Ата-аналарға пайдалы кеңестер беріліп тұрады. Балабақша қызметкерлерін үнемі, уақытылы медициналық тексеруден өткізіп отырады.

Балалар балабақшаға төмендегі құжаттар бойынша қабылданады:

**Балалардың жеке құжаттары:**

1. Балабақшаға жолдамалары;
2. № 052/е Бала денсаулығының паспорты;
3. №65/е нысанды медициналық құжат
4. № 026/е нысанды медициналық құжат;
5. Туу туралы куәліктің көшірмесі;
6. Ата-аналарының жеке куәлік көшірмесі;
7. Ата-аналармен келісім шарты.
8. Ата-аналарының жұмыс орнынан анықтама (көп балалы, әскери қызметкерлер)

Қалалық №3 емханамен тығыз байланыста жұмыстар жүргізіліп, емдік жұмыстары дәрігердің нұсқауымен жүргізіледі.

Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізіліп тұрады. Жас мамандармен кеңестерді жан-жақты қызықты өткізумен қатар заман талабына сай құнды пікірлер беріліп отырады. Педагогтармен әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары (кәсіби конкурстар, байқаулар, біліктілік көрмелер) ұйымдастырылып тұрады. Ұйымдастырылған іс әрекетінде мультимедия, бейнематериалдар қолданылады. Балабақша ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Балабақша психологы жас ата-аналарға арналған, балаларға арналған әр түрлі іс-шаралар жүргізеді. Ата-аналармен бірігіп әртүрлі спорттық мерекелер, көрмелер, ұйымдастырылып тұрады. Топтар заман талабына сай ақпараттық технологиялармен, әдістемелік кітаптармен және ойыншықтармен жабдықталған.

Ата-аналармен, тәрбиешілермен, балалармен балабақша психологы жылдық жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп отырады. Балалармен психодиагностикалық ойындар, жаттығулар, тренингтер, мониторинг жүргізіліп тұрады. ата-аналарға кеңестер беріліп, сауалнамалар жүргізіледі.

Балабақша қажетті мамандармен қамтылған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауда төмендегідей құжаттар талап етіледі:

**Қызметкерлердің құжаттары:**

1. Еңбек келісім шарты;
2. Еңбек кітапшасы;
3. Жеке тұлға қағазы;
4. Диплом көшірмесі (нотариалды куәландырылған);
5. Жеке куәлік көшірмесі;

6. Санитарлық кітапшасы;
7. Сотталмағаны туралы анықтама.
8. Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама
9. Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама
10. Зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме)

КМҚК «№140 бөбекжай-балабақшасы» ұжымының жеке іс- топтамасында барлық қажетті құжаттар жинақталған.Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы мен жеке іс- құжаттары сейфте сақталады. Балабақшаның барлық қызметкерлерімен әр уақытта техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқаулық журналдарына тіркеліп отырады. Балабақшаның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылады. Педагог мамандарды тіркеп отыратын кітап және бұйрық кітабы бар. Бұйрық кітабы мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіледі. Құжаттарды тіркеу және қайтарып беру жұмыстары қатаң түрде жүргізіліп отырады. Мамандарды толықтыру, сапалық құрамының құжаттары мен сандық құрамына талдау жұмыстары жүргізілуде. Мектепке дейінгі ұжым педагогикалық мамандармен толық қамтылған. Сондай-ақ балабақшада ата-аналармен мектепке дейінгі мекеме арасында төлемақыға байланысты келісім-шарт жасалынған. Келісім-шарттың мақсаты: Ата-аналармен КМҚК «№140 бөбекжай- балабақша» арасындағы байланысты анықтайды және балаларды тәрбиелеу, оқыту, денсаулығын қадағалап отыруды реттейді.

ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпыға міндетті стандартын, «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заңды және КМҚК Жарғысын басшылыққа ала отырып, бір жағынан «№140 бөбекжай-балабақша басшысы», екінші жағынан ата-ана осы келісім шартқа қол қояды.

**Келісім-шарт төмендегідей бөлімдерді құрайды:**

1. Жалпыға жағдай;
2. Келісім шарт мәні;
3. МДҰ құқықтары мен міндеттері;
4. Отбасының құқықтары мен міндеттері;
5. Төлемақы тәртібі мен мөлшері:

Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс- әрекеттерін анықтайтын құрылтайшы құжаттардың бар екендігі тексерілді.

**Мектепке дейінгі мекеменің ішкі тәртібін реттеуші төлқұжаттары:**

- Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу тіркеу туралы анықтама БСН: №150340017212; 18.03.2015
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№140 бөбекжай-балабақшасы» Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның Жарғысы БСН №50340017212 тіркелген күні 18.03.2015 жыл, Алматы қаласы Әкімдігінің 24.05.2023жылғы № 2/309 қаулысымен бекітілді;
- Техникалық төлқұжат № 7/420
- Тұрақты жер пайдалану құқығы, кадастрлық 20-313-030-110, Алматы қаласы әкімдігінің қаулысы № 1/01-996 20.02.2015ж

| **Мекеме атауы** | **Мекен-жайы** | **Телефондары** | **Пошталық индексі** |
|---|---|---|---|
| Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын «№140 бөбекжай балабақшасы» | Алматы қаласы Бостандық ауданы Сатпаев көшесі, 101/1 үй | Тел: 393-93-50<br>7 701 270 4588<br>Эл. пошта 140balabaqsh@almatybilim.kz | 050046 |

## 2. **Кадрлар әлеуетін талдау**

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Басқару қызметінде педагогикал менеджмент негіздемесінде педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, нәтижелі жетістіктерге бағытталған. Ұйымдастыру түрлерін жетілдіріп, бірлесе технологиялық шаралар мен ережелерді сақтай отырып, барлық педагогтарға қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету үшін шаралар жасалған.

Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында балабақша ұжымында сапалық өзгерістерге қол жеткізілді.

Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Білім беру салаларында ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемінің тепе-теңдігі сақталған. Бала құзіреттілігін қалыптастыру - білім беру ұйымдастырылған ұйымдастырылған іс-әрекет бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының ұжымды ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербестік шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін, озық көшінен қалмауды басты назарда ұстайды. Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бас қосулар өткізіледі. Қалалық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтында жоспарланған кестесіне сай курстық дайындықтардан өтеді. Бүгінгі педагог - кәсіби ізденуші, зерттеуші, өз бетінше шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, құлшыныспен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын маман. Осыған орай педагог мамандар өз білімін жетілдіру мақсатында қалалық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының ұйымдастырылған курстарынан өтуге арналған кестесі құрылған. Сонымен қатар, өз бетімен білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс – тәжірибесін арттыруға жағдай жасалынған. Педагогикалық ұжымды басқара отырып, әрбір педагогтың жетістіктерін жүйелі бағалау, бүкіл ұжымның бағалай білуіне қол жеткізу үлкен маңызға ие.

Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз.

Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты қызметкелер саны – 37, оның ішінде педагогтер саны –17, әкімшілік және техникалық персонал – 20 адам.

Педагогикалық ұжымды басқара отырып, әрбір педагогтың жетістіктерін жүйелі бағалау, бүкіл ұжымның бағалай білуіне қол жеткізу үлкен маңызға ие.

| **Оқу жылы** | **Педагог саны** | **Жоғары** | | | | **Арнаулы-орта** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мектепке дейінгі** | % | **Педаго-гикалық** | % | **Мектепке дейінгі** | % | **Педагогикалық** | % |
| 2022-2023 | 18 | 10 | 56% | 6 | 34% | 1 | 5% | 1 | 5% |
| 2023-2024 | 16 | 10 | 63% | 6 | 37% | 0 | - | - | - |
| 2024-2025 | 17 | 12 | 71% | 5 | 29% | 0 | - | - | - |

## Педагогикалық мамандардың білім беру сипаттамасындағы өзгерістер

| **Оқу жылдары** | **Жоғары білім** | **Арнаулы орта** | **Сырттай жоғары оқу орнында оқиды** |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 16 | 2 | - |
| 2023-2024 | 16 | 0 | - |
| 2024-2025 | 17 | 0 | - |

## Тәрбиешілер мен педагогтарды базалық білімі туралы мәлімет

| **Жылы** | **Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі бар педагогтар** | **Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі жоқ педагогтар** |
|---|---|---|
| 2022-2023 | 18 | - |
| 2023-2024 | 16 | - |
| 2024-2025 | 17 | - |

## Педагогикалық ұжымның жас құрамына қарай талдауы

| 20-30<br>жасқа дейін | 30-40<br>жасқа дейін | 40-50<br>жасқа дейін | 50-60<br>жасқа дейін |
|---|---|---|---|
| 3 | 7 | 3 | 4 |

## Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы

| Оқу жылы | Жоғары санаты | | Бірінші санаты | | Педагог-модератор | | Педагог-сарапшы | | Педагог-зерттеуші | | Екінші санаты | | Санатты жоқ | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 2 | 11% | 3 | 17% | 2 | 11% | 2 | 11% | 0 | 0 | 2 | 11% | 6 | 39% |
| 2023-2024 | 1 | 6% | 2 | 13% | 3 | 19% | 1 | 6% | 0 | 0% | 0 | 0% | 10 | 56% |
| 2024-2025 | 1 | 6% | 1 | 6% | 10 | 63% | 0 | 0% | 0 | % | 0 | 0% | 4 | 25% |

## Педагогтар туралы мәлімет

| № | Аты-жөні | Туған күні | Қызметі | Білімі | Бітірген оқу орын және мамандығы | Жұмыс өтілі | | | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Жалпы өтілі | Пед.өтілі | Осы мекемеде | |
| 1 | Мухаметрахимова Шаттық Абишевна | 26.04.1973 | Басшы | Жоғары | «Алматы» Университеті (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту) | 32 | 26 | 6 | Үшінші санаттағы басшы |
| 2 | Сатпаева Динара Кайратовна | 12.06.1989 | Әдіскер | Жоғары | «Сырдария университеті», 2022 (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту) | 7 | 7 | 7 | Педагог-модератор |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Дарибаева Гульнар Нуридиновна | 03.11.1959 | психолог | Жоғары | Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты, 1980 | 43 | 43 | 4 | Санаты жоқ |
| 4 | Магсумова Эльвира Курбангалиева | 11.08.1969 | логопед | Жоғары | Қазақ ұлттық қыздар пед.унив. (дефектология) | 15 | 15 | 1 | Педагог-модератор |
| 5 | Ерназар Дана Әсетқызы | 28.08.1992 | Муз.жетекшісі | Жоғары | Қазақ мем.қыздар пед.унив. (музыкалық білім), 2017 | 7 | 7 | 0 | Санаты жоқ |
| 6 | Куанбаева Самал Бейбитовна | 23.06.1987 | Дене шынықтыру нұсқаушысы | Жоғары | Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті, 2009 (дене шынықтыру ж/е спорт) | 18 | 18 | 9 | Педагог-модератор |
| 7 | Рысбекова Назерке Жупаркожаевна | 12.10.1984 | тәрбиеші | Жоғары | Қазақ мем.қыздар пед.унив. (мектепке дейінгі оқыту және тәрбие) ,2014ж. | 16 | 16 | 9 | 1 |
| 8 | Абдильдаева Раушан Камбаровна | 16.09.1969 | тәрбиеші | Жоғары | І.Жансүгіров атын. Талдықорған пед.инстит. (ән-күй,қосымша пед-ка),1992ж. | 30 | 30 | 3 | Педагог-модератор |
| 9 | Жуматаева Куралай Муратовна | 01.04.1986 | тәрбиеші | Жоғары | Қазақ мем.қыздар пед.унив. 2019, (мектепке дейінгі оқыту, және тәрбие) | 5 | 2 | 1 | Педагог-модератор |
| 10 | Сүлеймен Еркегүл Шынатқызы | 15.02.1971 | тәрбиеші | Жоғары | Жетісай қазақ пед.училищесі, 1991 (мектепке д.тәрбие мен оқыту) Қазақ мем.қыздар пед.иституты (кәсіптік оқыту ж/е еңбек), 2004 | 25 | 18 | 3 | Педагог-модератор |
| 11 | Камалова Құралай Асылбекқызы | 14.05.1998 | тәрбиеші | Жоғары | "Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті", 2022(әлеуметік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау) | 7 | 7 | 3 | Педагог-модератор |
| 12 | Масакбаева Бибигуль Рахатқызы | 29.07.1984 | тәрбиеші | Жоғары | «Шымкент»университеті (мектепке дейінгі оқыту және тәрбие) | 10 | 10 | 10 | Педагог-модератор |
| 13 | Бектурсунова Молдир Оспанқызы | 18.10.1987 | тәрбиеші | Жоғары | «Шымкент»университеті (мектепке дейінгі оқыту және тәрбие) | 10 | 10 | 10 | Санаты жоқ |

|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Сәду Нарқыз | 13.10.1999 | тәрбиеші | Жоғары | С.Аманжолов атындағы «ШҚ мем.университеті, 2020,(мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу) | 3 | 3 | 3 | Педагог-модератор |
| 15 | Бугенбаева Гульсим Жаркинбековна | 13.08.1989 | тәрбиеші | Жоғары | Қызылорда «Болашақ» университеті, 2019 (педагогика және психология) | 8 | 4 | 3 | Педагог-модератор |
| 16 | Чучунаева Рыскул Купурджановна | 27.01.1971 | тәрбиеші | Жоғары | Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 1997, (бастауыш сыныптар мұғалімі)<br>Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталы(мекткпке дейінгі мекемелер тәрбиешісі) | 21 | 12 | 1 | Жоғары санатты |
| 17 | Мустафаева Құндыз Серикқыззы | 09.01.2002 | тәрбиеші | Жоғары | Қазақ ұлттық қыздар пед.унив., 2023ж., ,(мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу) | 2 | 2 | 1 | Санаты жоқ |

## Қайта даярлық курстарынан өтуі туралы мәлімет

| Оқу жылы | Курстан өткендер саны |  | Оның ішінде |  |  |  |
|---|---|---|---|---|---|---|
|  | Саны | Пайызы % | Тәрбиешілер |  | Мамандар |  |
|  |  |  | саны | Пайызы % | саны | пайызы% |
| 2022-2023 | 4 | 22% | 3 | 17% | 1 | 6% |
| 2023-2024 | 10 | 63% | 8 | 50% | 2 | 13% |
| 2024-2025 | 3 | 18% | 1 | 7% | 2 | 12% |

**Педагогикалық ұжымның жылдық жұмыс көрсеткіші**

Педагогикалық ұжымның қызметіндегі бұл бағыт көп салалы және педагогты шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыру, ұжымның мәртебелік жағдайын арттыру үшін маңызды болып табылады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе кеңістігінің үлкеюін бірнеше аспектілерден көруге болады. Сонымен қатар бейімделген бағдарлама бойынша мектепалды тобының педагогтары жұмыс жүргізу кеңістігін жүзеге асыруда.

Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына әсер ететін, балабақша қабырғасында қолданылған педагогтардың заманауи талапқа сай, жаңа инновациялық технологиялармен еңбек етуі, прогрессивті тәжірибесі біздің жетістігіміз болып табылады.

Балалардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және ата – аналардың тәрбиелік үрдіске белсенді қатысуына бағытталған заманауи тәсілдер қолданылған балаларды дамыту іс – шаралары жүйелі түрде жүргізіліп отырды. Ұйымдастырыған іс - әрекеттер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі білім беру салаларын кіріктіру арқылы жүзеге асты. Балабақшамызда аудан және қала көлемінде семинарлар өткізілді.

1. 2022 жылы сәуір айында аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес Бостандық ауданы педагогтарына «Әдістен тыс құралдарды дене шынықтыру оқу қызметінде қолдану» тақырыбында семинар өткіздік.
2. 2023 жылы желтоқсан айында ҚББЖТҒӘО мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің жоспарына сәйкес, «Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдану» тақырыбында қалалық мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне тимбилдинг ұйымдастырылды.
3. 2024 жылдың сәуір айында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Республикалық кәсіби даму институтын тыңдаушыларына «Педагогикалық ұжыммен әдістемелік жұмысты ұйымдастыру формалары» тақырыбында көшпелі – тәжірибелік сабақ ұйымдастырылды. Әдіскер Сатпаева Динара Кайратовна «Балабақшада ұлттық қолөнерді дәріптеу жолдары» тақырыбында өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті.

## 3.Тәрбиеленушілер контингенті

КМҚК «№140 бөбекжай-балабақшасында» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламалары, жылдық жоспар, мектепке дейінгі даму концепциясы, оқу әдістемелік құжаттары бар.

Балабақша қызметінің маңызды түрінің бірі болып балаларды мектепке дайындау болып табылады. Осы бағыттағы мақсаттарға қол жеткізу және 5-6 жастағы балаларды мектепке дайындау процесіне жоғары дәрежеде қамту мақсатында жыл сайын мектепалды тобы жұмыс істейді.

### Соңғы үш жылдағы балабақшаны бітіріп мектепке қабылданған балалар саны

| Жылдар | Балабақша түлектері | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Түлектер саны | % | Үлгерімі | % |
| 2022-2023 | 50 | 100% | Жақсы | 92% |
| 2023-2024 | 54 | 100% | Жақсы | 94% |
| 2024-2025 | 49 | 100% | Жақсы | % |

### Соңғы үш жылдағы балабақшадағы тәрбиеленген балалар саны

| Жылдар | Балабақшадағы балалар | | | Ұлтына қарай | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жалпы балалар саны | Ұл бала | Қыз бала | Қазақ | Орыс | Өзге ұлттар |
| 2022-2023 | 151 | 83 | 68 | 147 | 1 | 3 |
| 2023-2024 | 152 | 77 | 75 | 149 | 1 | 2 |
| 2024-2025 | 149 | 82 | 67 | 146 | 1 | 2 |

**Топтар тізімі 2024-2025 оқу жылы**

| № | Топтың атауы | Жас ерекшелігі | Топ | Тәрбиешілер |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Күншуақ» | 2 жас | Кіші топ | Рысбекова Назерке Жупаркожаевна |
| 2 | «Ақжелкен» | 3 жас | Ортаңғы топ | Масакбаева Бибигуль Рахатовна<br>Чучунаева Рыскул Купурджановна |
| 3 | «Балапан» | 4 жас | Ересек топ | Бектурсунова Молдир Османовна<br>Асқарова Динара Серікқызы |
| 4 | «Жұлдыз» | 4 жас | Ересек топ | Жуматаева Куралай Муратовна<br>Абдильдаева Раушан Камбаровна |
| 5 | «Ақбота» | 5 жас | Мектепалды | Бугенбаева Гульсим Жаркинбековна<br>Сәду Нарқыз Болатқызы |
| 6 | «Құлпынай» | 5 жас | Мектепалды | Мустафаева Қундыз Серикқызы<br>Ануарбек Нұргүл Муратқызы |

## 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында балабақша қызметкерлері балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көптеген жетістіктерге жетті. Балалардың денсаулығын сақтау, тілдік коммуникативті, танымдылық, шығармашылық және әлеуметтік құзыреттілігінің дамуына, кешенді - сауықтыру шаралары және балаларды мектепалды сапалы даярлау бойынша жұмыс жасады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жылдық жоспары, күнделікті ұйымдастырылатын іс-әрекеттер, балалардың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларын, танымдық және зияткерлік дағдыларын, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша жұмыстар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне сай жасалынған. Мектепке дейінгі ұйымда білім және тәрбие беру үрдісі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздың №348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) сәйкес ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын қолдану барысы, балалардың денсаулықты сақтау, тілдік- коммуникативті, танымдылық, шығармашылық және әлеуметтік құзыреттілігінің дамуына бағытталған

## Жылдық міндеттемелер

| Оқу жылы | Жылдық міндеттемелер |
|---|---|
| 2022-2023 | 1. Коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорын байыту, шығарманы айтып беру, талдау сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру.<br>2. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулықтарын нығайту мақсатында дәстүрден тыс құралдарды қолдану арқылы сауықтыру іс-шараларын жүзеге асыру. |
| 2023-2024 | 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулықтарын нығайту мақсатында дәстүрден тыс құралдарды қолдану арқылы сауықтыру іс-шараларын жүзеге асыру<br>**2.** Әдістен тыс жаңа технологияларды қолдана отырып, балалардың сөйлеу мәдениетін, тілін, логикалық ойлауын шығармашылық ой-қиялын дамыту. Педагогтар мен балалардың бірлескен іс- әрекетінде жаңа технологияларды қолданудың тиімділігін арттыру. |
| 2024-2025 | 1. Балабақшада экологиялық қауіпсіз әдістер мен құралдарды пайдаланып, балаларға энергияны үнемдеу, қайта өңдеу, табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану дағдыларын үйрету.<br>2. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы балалардың танымдық дағдыларын жетілдіру, оларды цифрлық ортада еркін жұмыс істеуге үйрету. |

Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында атап өткендей, білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу, әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жеткіншек ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы аттестаттау екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең – өзін-өзі бағалау; екінші кезең – аттестаттау комиссиясының жұмысы. Алғашқы бағалау мектепке дейінгі ұйымда әкімшілік, қызметкерлер және ата-аналармен іске асырылады. Өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар іске асырылды; топтардың жалпы жағдайын бақылау, ата-аналармен сауалнамалар жүргізу, құжаттарды талдау. Өзін-өзі бағалаудың ең негізгісі топтардың жалпы жағдайын бақылау арқылы іске асырылды. Өзін-өзі бағалау барысында күн тәртібі сақталып, тәрбиешілер мен

мамандар балалармен оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында дамытушы, дидактикалық, логикалық ойындарды, ойын әдіс-тәсілдері мен ойын жаттығуларды кеңінен қолданды. Балабақшамызда педагог-мамандардың кәсіби шеберліктерін дамытуға, шыңдауға бағытталған іс- шаралар (педагогикалық кеңестер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, семинар, кеңес, тренингтер) жоспарға сай өткізіледі.

2022-2023 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізілгендіктен, осы оқу жылындағы перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздың №348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) негізінде жасалып, толықтырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер күні бойы жүргізіліп, балалардың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларын, танымдық және зияткерлік дағдыларын, шығармашылық, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік- эмоционалды дағдыларын қалыптастыруда жұмыстар жүргізілді. 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесі бойынша әр түрлі балалар іс-әрекетінде мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік қарым-қатынасын дамыту бойынша балалармен коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуді дамытуға, сөздік қорды байытуға, балалар әдебиетіне қызығушылықты дамытуға, әрбиеленушілердің әр түрлі балалық іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды дамытуды, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді, белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, ауызекі сөйлеуді қалыптастыру, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеру, оқу мен жазудың алғышарттарын қалыптастыруға бағытталған жұмытар жүргізілді. Педагогтармен осы жылдық міндеттемені іске асыру барысында мектеп жасына дейінгі балалардың өз бетінше әрекет етуіне жағдай жасау және ұйымдастыру (ойын, көркемдік және сөйлеу, өнімді және т.б.), балалармен күнделікті жеке сөйлесуді қамтамасыз ету (өзінің жеке мәселелері бойынша, әдеби шығармалар бойынша, фольклордың шағын түрлерін пайдалану, балалар суреттері бойынша және т.б.), тікелей оқу іс-әрекетін жүргізу, жаңа инновациялық формаларды қолдану, баланың байланыстырып сөйлеуін басқа білім салаларымен кіріктіру арқылы жетілдіруді қамтамасыз етуге, коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс- әрекетінде ауызекі сөйлеуді дамытуға, сөздік қорды байытуға, балалар әдебиетіне қызығушылықты дамыту Жаңа инновациялық формаларды қолдану, балалармен жұмыс жасағанда сөйлеу тілін дамытуға көп көңіл бөліп, балалардың сөйлеуін дамыту үшін тиімді ойын технологиялары пайданылды. «5-6 жастағы балалардың грамматикалық дағдыларын қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері» , «Мектеп

жасына дейінгі балалардың белсенді сөйлеуін дамытудағы музыканың ролі», «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмыстың инновациялық түрлері» атты іс-тәжірибелері жүргізіліп, баяндамалар оқылып, ортаңғы топтарда «Бауырсақ» ертегісі, «Менің ойыншықтарым» ҰІӘ , ересек топта «Күзгі бақта, күз бейнесі»ҰӘІ, мектепалды топтарда «Емхана» (желілі рөлді ойын), «Үйшік» (театрлық сахналау) атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілді.

«Физикалық қасиеттерін дамыту» дағдысы бойынша 2022-2023 оқу жылының екінші жарты жылдық міндеттемесіне сай бағдарламалық талаптар ойдағыдай өз шешімін тапты. Мақсаты - Мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына баулу, денсаулық сақтау технологияларын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықтарын қалыптастыру. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында «Балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған заманауи сауықтыру технологиялары», «Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Салауатты өмір салты арқылы мектепке дейінгі балаларды ұлттық ойындарға тәрбиелеу» атты педагогтарға арналған семинар, тренингтер жүргізіліп, «Шынықтыру – бұл балалардың денсаулығын нығайту мен сақтаудың факторы», «Сауықтыру шаралары бойынша отбасымен жұмыс бағыттары» тақырыбында кеңестер берілді. Педагогтар осы жартыжылдық міндеттемені негізге ала отырып, «Салауатты өмір салты», «Мен денсаулығымды сақтаймын», «Дәрумендерге қонаққа барамыз», «Денсаулық қайда жасырылған?» «Денсаулық құпиялары», «Сезімдер әлеміне саяхат» атты аудандық психологтарға ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін өткізді.Оқу жоспарларын әзірлеу, әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жеткіншек ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

Физикалық дағдыларды дамыту бойынша дене шынықтыру ұйымдастырылңанбарлық топтарда мемлекеттік стандартқа сай өткізілуде. Жаз айларында жалаң аяқ жүру, сусындар мен шырындар ішу, дене шынықтыруды таза ауада өткізу, спорттық жарыстар мен ойын-сауықтар ұйымдастырылды. Жылдық жоспарға сай режимдік сәттер, денсаулық күндері, дене шынықтыру сауық-кештері, дене шынықтыру мерекелері уақытылы өтті. Өздігінен қозғалу белсенділігіне келсек, кіші, ортаңғы топ балалары кейбір қимылдарды үлкендердің көмегімен орындаса, ересектер және мектепалды топ балалар өздері орындап, спорттық жаттығуларды, әр түрлі қимыл- қозғалыс ойындарын өздері жүргізе алады. Балабақшадағы дене тәрбиесінде халық педагогикасының элементтері пайдаланылып, ұлттық ойындар ойнауға балалардың қызығушылығын арттырып отырды.

2023 – 2024 оқу жылдарында Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша бағдарламаның барлық бөлімдерінің ауызша қатынастың алуан түрлі құралдарын, дыбыстарды анық айтуды, өз ойын толық сөйлемдер құру мүмкіндіктері меңгертілді. Тілдік даму құралдары мүмкіндігінше толықтырылды.

Танымдық және зияткерлік дағдылары дамыту бойынша бағдарламалық талаптарға сәйкес балалардың білім деңгейлері салыстырмалы көрсеткіш бойынша кӛрсетілген.Педагогтар балаларға заттармен әртүрлі әрекеттер орындауды, түсі, өлшемі бойынша заттарды ажыратуды, заттарды һлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруды, заттық әрекеттерді орындауға болатын қарапайым заттар мен құралдарды қолдануды, санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды, құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен құрастырғыштың бөліктерінен құрастыруды, тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейтуді, креативтік ойлауды дамытуды меңгертті.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту бойынша балалар сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, командада жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғыимдарды, тәрбиеленушілердің дербес шығармашылық іс – әрекетін іске асыруды меңгерді.

Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша балалар әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді, қоғамда өзін – өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай – ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым – қатынас жасай білуін, оларға құрметпен карауды, дербестігін тәрбиелеуді, ӛзінің отбасына жақындық сезімін, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыруды, қазақ халқының, сондай – ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы түсініктерін кеңейтуді, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды үйренді.

2023-2024 оқу жылында балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен

қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту.Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасаладыморальдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс- әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Қазіргі замандағы білім беру сапасы педагог-мамандардың кәсіби шеберліктеріне, тәжірибесі мен біліміне байланысты. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық құрылымның сапасы сұрыпталу бойынша жүргізілінеді. Қызметкердің лауазымдық міндеттері мектепке дейінгі ұйым жарғысымен, мектепке дейінгі ұйым тәртібіне сай нормативтік-құқықтық құжаттарға сай, уақытылы, жүйелі іске асырылады. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары, сонымен қатар топтардың жас ерекшеліктеріне байланысты құрастырылған перспективалық жоспарлары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың ережелеріне сай жаңартылып жасалған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тиімділігі балалардың жағымды көңіл-күйіне байланысты болады. Оқу- тәрбие жұмыстарының нәтижесі педагогикалық кеңесте және 5 минуттық жиналыстарында қаралып отырылады. Ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан қабілетті жеке тұлға тәрбиелеуге, рухани және дене тәрбиесінің жетілуіне педагогтардың тәрбие беруде ықпалы зор. Тәрбиешілер, мамандар балаларға берілетін білімнің сапалылығына, меңгеруіне жеңіл де тиімді болуына әртүрлі ойындар, көркем де әдемі көрнекіліктерді, ғажайып сәттерді, жаңашыл тәсілдерді енгізіп,білім алу қажеттілігін ынталандырады.

Оқу-тәрбие жұмысында жеке тұлғаны адамгершілікке, ақыл-ойының және сана сезімінің жетілуіне, рухани байлығын және эстетикалық сезімінің дамуына қор жинақталуына жағдай жасалынған. Көрсетілген мақсатқа жетуде келесі қызмет түрлеріне іске асырылады:

-балаларды тереңдетілген тұлғалық-бағдарлы тәрбиелеу және оқыту, мектепке дайындау, баланың физиологиялық және психикалық денсаулығын нығайту, түзету және қалыптаестыру;

-балаларды жан-жақты дамыту, балалардың қызығушылығы мен ата-аналар арқылы балалармен жұмыс істеудің жаңа түрлері мен әдістерін құру және енгізу;

-қызметкерлердің балабақша үшін үлес қосқан еңбектерін марапаттау;

-қызметкерлердің шығармашылық дамуына жағдай жасау;

-қоғамымыздың әрбір мүшесінің құқығын қорғау.

Бүгінгі таңда, еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнымен қамтамасыз ету міндеті тұр. Адам тәрбиелеу – ең қиын да жауапты жұмыс. Сол қиындықты терең сезінетін, үлкен жүректі, ізгі ниетті адам ғана тәрбиеші бола алады. Ол үшін әрбір педагогтің бойында терең білім, өз ісіне деген төзімділік, мейірімділік, адамгершілік қасиеттері болу керек.

**Балабақшамыздың жеткен жетістіктеріне тоқталар болсақ:**

2020 жылы І қалалық мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық – шығармашылық «Пай, пай, балақай!» байқауының «Мультфильмді дубляждау» номинация жеңімпазы болдық.
2020 жылы І қалалық мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық – шығармашылық «Пай, пай, балақай!» аудандық байқауының «Шебер қолдар» номинация бойынш І-орын иелендік.
2020 жылы І қалалық мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық – шығармашылық «Пай, пай, балақай!» байқауының «Шебер қолдар» номинация бойынш ІІ ДӘРЕЖЕЛІ диплом иелендік.
2020 жыл Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілер арасында өткен «Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған мәнерлеп оқу» байқауында «Өлеңдері мен тақпақтарын орындаушы» номинациясы бойынша ІІІ-орын иелендік.
2020 жылы Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің «Шексіз талант» ІІ қалалық шығармашылық фестивалінде «Декоративті-қолтаңбалы өнер» номинациясымен марапатталдық.
2021 жылы І қалалық шығармашылық «Театрдың ғажайып әлемі» байқауының «Шалқан ертегісі» тантамареска театры қойылымы бойынша БАС ЖҮЛДЕ алдық.

2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «30 жылдыққа 30 ойын» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойындар фестиваліне «Ұлттық ойындар» номинациясы бойынша І-орын иелендік.
2021 жылы ІІ қалалық мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық – шығармашылық «Пай, пай, балақай!» байқауының «Шебер қолдар» номинация бойынш І-орын алдық.
2021 жылы «Бақытты балалық шақ» атты асфальтқа сурет салу байқауының «Шығармашылық орындау» номинациясы бойынша марапатталдық.
2022 жылы Қазақстан халқының Тілдері күні қарсаңында балалар және ата – аналарының қатысуымен «Менің отбасым» атты ана тіліндегі шығармашылық республикалық байқауының қалалық кезеңінің «Көрермен көзайымы» номинациясының жеңімпазы атандық.
2022 жылы ІІ орын «Мектепке дейінгі үздік ұйым 2022» республикалық байқауының қалалық кезеңінің жеңімпазы атандық.
2022 жылы ІІІ дәрежелі аудандық «Үздік педагог – 2022» конкурсының жеңімпазы Сатпаева Д.К. марапатталды.
2022 жылы І дәрежелі аудандық «Үздік әдіскер – 2022» конкурсының жеңімпазы Кулджина Ғ.Б. марапатталды.
2022 жыл «Өрлеу» БАҰО АҚ аясында өткен республикалық «Педагогикалық идеялар понарамасы» байқауы 1-орын иелендік.
2022 жыл Алматы қаласы, Білім басқармасының «Алғыс хат»
2023 жыл Республикалық «Менің елім – Қазақстаным» атты патриоттық әндер байқауының аудандық кезеңінде Тумагалиева Диана БАС ЖҮЛДЕ алғаны үшін марапатталады
2023 жыл Алматы қаласы Білім басқармасы мектепкек дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің V қалалық шығармашылық «ШЕКСІЗ ТАЛАНТ» фестивалінің «БЕЙНЕЛЕУ ДЕКОРАТИВТІ-ҚОЛТАҢБАЛЫ ӨНЕР» жанры бойынша жеңімпаз ІІ ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОММЕН КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша» тәрбиешісі Қаппар Сымбат Сайфоллақызы марапатталады.
2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрінің Алғыс хаты
